

## **Абоненттердің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты «Freedom Telecom Operations» ЖШС саясаты**

«Freedom Telecom Operations» ЖШС компаниясы (бұдан әрі – компания) сіздің дербес деректеріңізді сеніп тапсырғаныңыз үшін алғысын білдіреді және оларды қорғау үшін барлық қажетті техникалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шараларды қолданады. Қандай дербес деректер жиналатынын, олардың қалай өңделетінін және қорғалатынын білу үшін Абоненттердің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты осы Компания Саясатымен (бұдан әрі – Саясат) мұқият танысуды өтінеміз.

### **Компания туралы ақпарат**

«Freedom Telecom Operations» ЖШС, Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, 010017, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 33/1 ғимараты, БСН 240140004034, Банк атауы – «Фридом Финанс Қазақстан Банкі» АҚ, Банктің БИК – KSNVKZKA, КБЕ 17, Шот нөмірі – KZ58551Z227005289KZT.

### **Жалпы ережелер**

Бұл Саясат Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленді. Саясатта біз келісім алу жолдарын, жиналатын дербес деректердің тізімін, олардың жиналу және өңделу мақсаттарын, компания мен абоненттердің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ сіздің дербес деректеріңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданатын шаралардың тізімін ашып көрсетеміз. Саясат – компания абоненттердің дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау бойынша қызметінің негіздерін жариялайтын ашық құжат болып табылады. Саясат қызмет көрсету және сату кеңселерінде, сондай-ақ компанияның <https://ftel.kz> сайтында танысу үшін қолжетімді.

Компанияда бар сіздің дербес деректеріңіз құпия ақпарат ретінде танылады. Біз сіздің деректеріңізді қорғау бойынша ішкі ережелерді әзірледік және оларды тұрақты түрде жаңартып отырамыз, сондай-ақ қызметкерлеріміздің осы ережелерді дұрыс сақтауын қадағалаймыз. Әрбір қызметкер компанияның қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге қол қояды.

### **Дербес деректерді жинау және өңдеу үшін келісім алу**

Біз сіздің дербес деректеріңізді шектеулі қолжетімділікпен тек сіздің келісіміңізбен жинаймыз және өңдейміз. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес, компания абоненттерге байланыс саласындағы уәкілетті орган бекіткен ережелермен айқындалған тәртіппен және шарттармен жасалатын қызмет көрсету туралы келісім болған жағдайда ғана қызметтер көрсетеді. Компанияның қызмет көрсету келісімдері (бұдан әрі – келісімдер) көпшілікке қолжетімді және компанияның кеңселерінде, сайтында, мобильді қосымшасында танысу үшін ашық. Байланыс қызметтерін көрсету және оларға байланысты басқа да қызмет көрсету шарттары келісімдермен айқындалады. Келісімдер көпшілікке қолжетімді келісімге қосылу туралы өтінішке, өтінімге қол қою арқылы немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы (қызмет түріне байланысты) жасалады.

Келісімдерге қол қоя отырып, сіз қызметтерді алу процесінде өзіңіз ұсынатын барлық деректерді жинауға және өңдеуге келісіміңізді бересіз, олар компанияға келісімдер бойынша қызметтерді көрсету барысында қолжетімді болады.

Жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім абонент тарапынан компанияның сайттарында, мобильді қосымшасы, жеке кабинеті арқылы, электрондық құжат немесе хабарлама арқылы немесе компанияның анықтама қызметіне жүгінген кезде айтылған ауызша жеке деректер арқылы да берілуі мүмкін.

### **Жиналатын жеке деректердің тізімі**

Бұл Саясат сіздің келісімдерге қосылғаныңызда ұсынған барлық дербес деректерге, анықтама қызметіне жүгінгенде берілген, жеке кабинетте, компания сайттарында, компанияның мобильді

қосымшасында толтырылған, сондай-ақ компанияға қызмет көрсету барысында алынған деректерге қолданылады.

Келісімдер бойынша міндеттемелерді орындау үшін компания жинайтын және пайдаланатын дербес деректердің тізімімен сіз компанияның сайтында таныса аласыз.

Қызмет көрсету үшін компания жинайтын дербес деректердің тізімі тиісті келісімдерді жасау үшін қажетті ең аз деректерден тұрады және бұл деректерді міндетті түрде ұсыну талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған.

Осы Саясат үшінші тұлғаларға тиесілі ақпараттық ресурстардан жиналған немесе сіз біздің байланыс желілерімізді пайдалана отырып, өз бетіңізше кез келген тұлғаға берілген ақпаратқа қолданылмайды. Үшінші тараптардың ақпараттық ресурстарында дербес деректерді қорғау бойынша өздерінің саясаты болуы мүмкін. Компания, үшінші тұлғалардың компания қызметтерін пайдалану арқылы жіберетін абонентке қажетсіз қысқа мәтіндік немесе басқа хабарламаларды алғаны үшін жауапкершілік көтермейді. Үшінші тұлғалардың ақпараттық ресурстарын пайдаланбас бұрын және оларға дербес деректерді бермес бұрын, осы ресурстардың құпиялылық саясатымен мұқият танысуға және өзіңіздің дербес деректеріңізді таратуды аса сақтықпен қарауға кеңес береміз.

Компанияның қолында бар сіздің дербес деректеріңіздің тізімін, олардың мақсаттарын, көздерін, жинау және өңдеу тәсілдерін, оларды өңдеу және сақтау мерзімдерін қамтитын ақпаратты сұратуға құқығыңыз бар. Сұрау абоненттерге қызмет көрсету кеңселерінде жазбаша өтініш беру арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, сіздің қолдағы дербес деректеріңізді өзгерту сіздің деректеріңіздің өзгергенін растайтын құжаттарды ұсына отырып, жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады.

### **Дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттары**

Біз жеке деректерді абонентпен келісімдердің шарттарын орындау, компания серіктестері мен өкілдерінің қызметтерін ұсыну, оның ішінде үшінші тұлғалардың компанияға және компанияның үшінші тұлғаларға көрсететін қызметтері, конвергенттік қызметтер, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту және қызмет көрсету, маркетингтік іс-шараларды өткізу, жаңа өнімдер мен қызметтерді әзірлеу және ұсыну, абоненттер мен пайдаланушыларға қызмет көрсету шарттарының өзгерістері және қызмет көрсету тәртібі туралы хабарлау, компания қызметтерін пайдалана отырып жасалатын алаяқтық әрекеттерден абоненттер мен компанияны қорғау, мемлекеттік органдарға фискалдық есеп беруді ұсыну, дебиторлық қарызды өндіру, сондай-ақ абоненттердің және пайдаланушылардың байқаулар мен жарнамалық кампанияларға қатысуы, сондай-ақ компанияның және үшінші тұлғалардың қолданылатын заңнамада белгіленген құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру мақсатында жинаймыз және өңдейміз.

### **Абоненттің дербес деректерін жинауға және өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алу**

Сіз компанияға берген дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісіміңізді кері қайтарып ала аласыз. Алайда, сізге қызмет көрсету үшін бізге сіздің дербес деректеріңіз қажет екенін ескеру қажет. Келісімнің кері қайтарылуы кейбір немесе барлық компания мен оның серіктестерінің қызметтерін ұсынуды тоқтатуға әкелуі мүмкін.

Келісімнен бас тарту үшін сізге компанияның сату және қызмет көрсету бөлімдеріне жүгініп, жазбаша өтініш беру қажет. Өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын құжат («Қазақстан Республикасы халқын құжаттандыру және тіркеу қағидаларына» сәйкес) болуы тиіс.

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген келісімді, егер сіздің компания алдындағы орындалмаған міндеттемелеріңіз немесе басқа заңнамалық шектеулер болса, кері қайтарып алуға болмайды.

Сіз қосымша қызметтерді көрсету үшін қажетті дербес деректерді жинау және өңдеу келісімін кері қайтара аласыз. Бұл жағдайда тек кері қайтарылған дербес деректерге қатысты қызметтер өшіріледі.

Қосымша қызметтерді қайта қосу үшін жазбаша өтініш беру және дербес деректерді жинау және өңдеуге келісіміңізді қайта растау қажет болуы мүмкін.

### **Дербес деректерді сақтау мерзімдері**

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Компания сіздің дербес деректеріңізді жинау және өңдеу мақсаттарына жету үшін қажетті уақыт бойы сақтайды. Сіздің дербес деректеріңіз өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де негіздер бойынша жойылуға жатады

### **Компания қабылдайтын дербес деректерді қорғау шаралары**

Сіздің дербес деректеріңізге қолжетімділік тек қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті компания қызметкерлеріне ғана беріледі. Біздің барлық қызметкерлер құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттеме қабылдайды және абоненттердің дербес деректерін қорғау талаптарын бұзған жағдайда туындайтын жауапкершілік туралы ескертіледі.

Сіздің дербес деректеріңіз халықаралық ақпараттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін біздің электрондық дерекқорларымызда сақталады.

### **Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру**

Дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттарына жету үшін біз сіздің дербес деректеріңізді серіктестерімізге немесе үшінші тұлғаларға агрегатталған түрде, яғни абоненттің жеке басын анықтауға болмайтын сипаттамалар бойынша біріктірілген деректерді бере аламыз. Дербес деректерді беру заңдылық және құпиялылық қағидаттарына негізделеді. Деректерді беру абоненттердің дербес деректерін және басқа құпия ақпаратты жария етпеу туралы шарт жасасумен жүзеге асырылады. Шартта абоненттердің дербес деректерін, олардың келісімінсіз немесе заңнамалық негізсіз таратпау талаптары көзделеді.

### **Дербес деректерді толықтыру және профильдеу**

Сіздің дербес деректеріңіз қосымша ақпарат сұрату арқылы немесе ашық көздерден, мысалы, әлеуметтік желілердегі жалпыға қолжетімді аккаунттардан, сондай-ақ компанияның шарттық қатынастары бар үшінші тұлғалардан алынған ақпарат негізінде толықтырылуы немесе нақтылануы мүмкін.

Дербес деректерді толықтыру және профильдеу тек осы Саясатта көрсетілген, оларды жинау және өңдеу мақсаттарында жүргізіледі және сізге қызықты әрі тиімді ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

### **Саясатты өзгерту**

Компания осы Саясатқа өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Егер жаңа редакцияда өзгеше көзделмесе, Саясаттың жаңа редакциясы компания сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Біз осы Саясаттың өзектілігін мезгіл-мезгіл тексеріп отыруды ұсынамыз. Саясат өзгертілгеннен кейін, Сіз компания қызметтерін пайдалана отырып, енгізілген өзгерістермен келісетініңізді растайсыз.